



ХҒТАР 16.01.11  
Ғылыми мақала

Қ.Ө. Есенова<sup>1\*</sup>, Ф.К. Исмаилова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> К. Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: <sup>1</sup> [kalbike.yesenova@bk.ru](mailto:kalbike.yesenova@bk.ru), <sup>2</sup> [ismailova.f@uib.kz](mailto:ismailova.f@uib.kz))

## КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ПЕН МЕДИАДИСКУРСТАҒЫ ПЕРИФРАЗДАР: ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ КОДТЫҢ ТІЛДІК РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада көркем әдебиет пен медиадискурста перифраздардың лингвопрагматикалық қызметі функционалды-семантикалық тұрғыдан талданады. Перифраз жанама сипаттамалық атау ретінде номинативтік, экспрессивтік, бағалауыштық және эвфемистік әлеуетімен ерекшеленеді. Зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі перифрастикалық бірліктердің көркем және публицистикалық мәтіндегі қолданыс тетіктерін салыстыра сипаттап, олардың прагматикалық ықпал ету мүмкіндігін айқындау. Жұмыстың ғылыми маңызы перифразды тек көріктеуіш амал ретінде емес, дискурстық стратегияның құрамдас бөлігі, мәтін құраушы және оқырманға ықпал етуші құрал ретінде кешенді қарастыруымен анықталады. Практикалық маңызы – медиамәтін стилін жетілдіруде, мәтін өндірісі мен қабылдануын талдауда, сондай-ақ стилистика және медиалингвистика курстарында қолдануға жарамдылығында. Әдістеме интерпретациялық-функционалдық талдауға сүйенеді, яғни, көркем проза мен мерзімді баспасөз мәтіндерінен іріктелген мысалдар контекстік талдау, прагматикалық интерпретация, салыстырмалы сипаттау және жіктеу тәсілдері арқылы қарастырылды. Нәтижесінде көркем және медиа мәтіндердегі ортақ әрі айырым белгілер сараланып, көркем дискурста перифраздың эстетикалық-образдық және психологиялық сипаттау қызметі басым екені, ал медиадискурста ақпаратты әрлеу, бағалау, эвфемизация, клишелену және манипулятивтік ықпал ету қызметтері күшейетіні көрсетілді. Зерттеу перифраздың дискурсаралық табиғатын нақтылап, қазақ медиатіліндегі екінші деңгейлі номинацияларды жүйелеуге үлес қосады.

**Түйін сөздер:** перифраз, лингвопрагматика, көркем дискурс, медиадискурс, ұлттық-мәдени код, тілдік репрезентация.

**Түсті:** 22.03.2026; Жөнделді: 30.05.2026; Мақұлданды: 16.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

---

## Кіріспе

Перифраз – әдебиеттану мен тіл білімінде ертеден зерттеліп келе жатқан тілдік-стилистикалық құбылыс. Аталған терминнің түп-төркіні көне грек риторикасымен байланысты болып, «айналып айту», яғни ойды тура білдірмей, астарлап, бейнелі түрде жеткізу тәсілін білдіреді. Классикалық риторика дәстүрінде перифраз мәнерлі сөйлеудің тиімді амалдарының бірі ретінде қарастырылған. Кейінірек бұл ұғым тіл білімі аясында орнығып, стилистика саласында троптардың бір түрі ретінде ғылыми сипаттамаға ие болды.

Қазіргі лингвистикалық зерттеулерде перифразға берілген анықтамалар мазмұндық тұрғыдан өзара сабақтас келеді. Мәселен, БАҚ энциклопедиялық сөздігінде перифразға: «шындықтағы заттар мен құбылыстарды эмоциялық-экспрессивтік бағалау реңкі басым жанама, сипаттамалық атау ретінде қолданылатын стилистикалық тәсіл» деген анықтама беріледі (ЭС, 2002: 168). Бұл анықтама перифраздың негізгі ерекшелігі ретінде оның бейнелілік сипатын және эмоциялық-экспрессивтік қызметін айқындайды. Перифраз жасау үдерісінде нысанның немесе құбылыстың ең мәнді, актуалды қыры алдыңғы қатарға шығарылып, сол объектінің мазмұнын ашатын басты сипат тілдік тұрғыдан айрықшаланады.

Перифраздың негізгі мақсаты – айтылатын ойдың әсерлілігін арттыру, мазмұнды бейнелі әрі ықпалды түрде жеткізу. Осыған байланысты перифраз көркем әдебиет тілінде, публицистикалық мәтіндерде, шешендік сөздерде, сондай-ақ ауызекі сөйлеу барысында кеңінен қолданыс табады. Перифрастикалық бірліктер мәтіннің идеялық-эстетикалық мазмұнын байытып, оның мағыналық реңкін тереңдете түседі. Бұл перифраздың сөзді көркемдеп құбылтудағы айрықша қызметімен тікелей байланысты.

*Зерттеу мақсаты* – көркем әдебиет пен медиамәтіндердегі перифраздардың қолданысын лингвопрагматикалық тұрғыдан сипаттап, олардың дискурстағы әсіресе адресатқа ықпал ету, бағалау, эвфемизмдік, мәтін құрау қызметін салыстыра айқындау.

*Зерттеудің міндеттері:*

- перифраз ұғымының теориялық негізін нақтылау.
- көркем дискурста перифраздың эстетикалық-образдық және психологиялық сипаттау қызметтерін талдау.
- медиадискурста перифраздың ақпаратты әрлеу, назар аударту, бағалау және ықпал ету қызметтерін көрсету.
- көркем мәтін мен медиамәтіндегі перифраздардың ортақ және айырым белгілерін жүйелеу.
- перифраздың синонимия, метафора, метонимия, эвфемизм сияқты құбылыстармен тоғысатын тұстарын прагматикалық қырынан түсіндіру.
- перифраздардың клишелену үдерісі мен дискурстық стратегиялардағы рөлін негіздеу.

Сонымен перифраздың тарихи қалыптасу жолына назар аударсақ, оның әдеби тілде көркемдеу тәсілі ретінде ертеден қолданылып келе жатқанын байқауға болады. Қазақ ауыз әдебиетінде перифраздық оралымдар кеңінен ұшырасады. Мәселен, батырлар жырында аспан «*жібек шатыр*», күн «*алтын шырақ*», «*ақ сандық*» түрінде бейнелі атаулармен беріледі. Сол сияқты табиғат көріністерін сипаттаудағы «*көк майса*», «*ақ көрпе*» немесе адам сұлулығын танытатын «*ақша маңдай*», «*құралай көз*», «*ақ тамақ*», «*оймақ ауыз*» тәрізді тіркестер перифраздың дәстүрлі әрі тұрақты үлгілері болып табылады. Бұл оралымдар халықтың дүниетанымы мен эстетикалық талғамын танытатын бейнелі тілдік құралдар ретінде қалыптасқан.

---

Қазақ жазба әдеби тілінде перифразды терең мағыналық әрі көркемдік деңгейде қолдану Абай шығармашылығында айқын көрініс табады. Абай өз өлеңдері мен қара сөздерінде бірқатар абстракт ұғымдарды жұмсартып, астарлап немесе бейнелі түрде жеткізу мақсатында перифразды шебер пайдаланған. Мәселен, надандық ұғымын «қараңғылық» арқылы сипаттауы немесе «қараңғылық пердесі», «үміттің оты», «қарсақ жортпас қара адыр» секілді тіркестерді қолдануы – ақынның концептуалдық ойлау жүйесіне тән перифрастикалық үлгілер. Мұндай қолданыстар жай ғана синонимдік ауыстыру емес, ұғымның мәнін көркемдік тұрғыдан терең түсіндіруге бағытталған бейнелі тәсілдер болып табылады.

Перифраз көркемдік-стистикалық амалдардың бірі ретінде автордың коммуникативтік ниетін айқындап, айтпақ ойын дәл әрі әсерлі жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл мәселеге қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы ерекше мән берген. Ғалым көркем сөздің табиғатын сипаттай келе, ақын тілі мен қарапайым тілдің айырмашылығын айқындай отырып, сөзге «айрықша өң» беру арқылы лебіздің көрнекі сипат алатынын атап көрсетеді. Оның пайымдауынша, сөз өнері – ойды, қиялды және көңіл күйін тіл арқылы жүйелі әрі көркем түрде сыртқа шығару қабілеті. Ал мұндай қабілет тілдік құралдарды, соның ішінде перифраз тәрізді бейнелі тәсілдерді орынды әрі шебер қолданумен тығыз байланысты (Байтұрсынұлы, 2003: 162).

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған бұл тұжырым қазақ тілінің бейнелі-көркем табиғатын танудағы іргелі теориялық негіздердің бірі болып табылады. Ғалым сөз өнерінің ішкі мазмұнын «ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін» деп үш өзара сабақтас қабатқа жіктейді. Аталған қабаттар көркем ойдың көпқырлы құрылымын айқындап, тілдік шығармашылықтың когнитивтік және эмоциялық тетіктерін ашады.

Біріншіден, *пікір* – логикалық пайымдауға, танымдық әрекетке негізделген ой жүйесі. Екіншіден, *қиял* – суреткердің елестету, бейнелеу қабілетін танытатын, образ жасауға негіз болатын шығармашылық механизм. Үшіншіден, *көңіл күй* – эмоциялық-бағалаушылық реңкті білдіретін, сезімнің тілдік формада көрінуін қамтамасыз ететін қабат. Осы үш қабаттың өзара үйлесімі көркем сөздің терең мазмұнын қалыптастырып, тілдің поэтикалық табиғатын айқындайтын тұтас когнитивтік-эмоциялық жүйе түзеді.

Ғалым бұдан әрі осы ішкі мазмұнның сыртқы тілдік формаға ауысу үдерісін «тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп» деген ұғымдар арқылы сипаттайды. Бұл тіркестер мәтін түзудің тілдік-эстетикалық сатыларын білдіреді.

1) Тәртіптеу – ойды логикалық жүйеге түсіріп, құрылымдық тұрғыдан ұйымдастыруды көздейді.

2) Қисынын келтіру – сөздердің өзара байланысын, мағыналық және синтаксистік үйлесімін қамтамасыз етуге бағытталған.

3) Қырын келтіру – мазмұнның астарлы, образды қырын ескере отырып, тілдік бедер қалыптастыруды білдіреді.

4) Ал кестесін келтіру – перифраз, метафора, эпитет секілді көркемдік құралдарды пайдалану арқылы сөзге эстетикалық сұлулық пен әсерлілік дарыту үдерісі ретінде танылады.

Сонымен перифраз – сөзді «кестелеу» үдерісінде белсенді қолданылатын көркемдік-стистикалық тәсілдердің бірі. Автор өз ойын тура номинация арқылы емес, жасырын, бейнелі, жұмсарған әрі ишаралы формада жеткізген жағдайда, бұл мағыналық ауысым көбіне перифраз арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда, перифразды тек бейнелілік деңгейінде қарастыру жеткіліксіз. Ол – тілдік сана мен әлеуметтік-коммуни-

---

кативтік қажеттіліктің тоғысынан туындайтын, көпқабатты әрі күрделі семиотикалық бірлік.

Зерттеушілердің бір тобы перифразды фразеологиялық синонимдердің бір түрі ретінде сипаттап, белгілі бір ұғымды оның дәстүрлі атауынан өзгеше, бейнелі сөз тіркестері арқылы білдіру тәсілі деп түсіндіреді (Балақаев, 1974: 200). Мұндай көзқарас перифраздың синонимдік қатынастар жүйесіндегі орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Перифраздың синонимдік табиғатын арнайы қарастырған ғалым Ә. Болғанбаев оны «жеке сөздің орнына оның мәнін сипаттайтын тіркеспен жеткізу» деп анықтай отырып, синонимдік қатарлармен тығыз байланыста талдайды. Ғалым ұсынған «пролетариаттың ұлы жазушысы (М. Горький)», «Абай жолы» романының авторы (М. Әуезов) тәрізді қолданыстар перифраздың ресми және бейтарап сипаттағы үлгілерін көрсетеді (Болғанбаев, 2006: 8).

Перифраздың эвфемистік қызметі ғалым Ә. Ахметов еңбектерінде кеңінен қарастырылады. Ғалым перифразды эвфемизм қалыптастырудың өнімді құралы ретінде бағалап, «темір көзді сарай» тіркесін «түрме» атауының жұмсартылған, астарлы баламасы ретінде түсіндіреді (Ахметов, 2015: 208). Бұл тұжырым перифраздың прагматикалық қызметін, яғни жағымсыз немесе әлеуметтік тұрғыдан қолайсыз ұғымдарды бейтараптандыру мүмкіндігін айқындайды.

Перифраздың тілдік жүйедегі орны мен қолданыс аясын кең көлемде сипаттаған академик Ө. Айтбайұлы бұл құбылыстың тек көркем әдебиетпен шектелмейтінін, сонымен қатар публицистикалық, ғылыми және ғылыми-техникалық мәтіндерде де белсенді қолданылатынын атап көрсетеді. Ғалым кейбір зерттеушілер перифразды фразеология саласына жатқызса, енді біреулері оны синтаксистік бірлік немесе троп, поэтикалық фигура ретінде қарастыратынын көрсетеді. Сонымен қатар перифраздың басты ерекшелігі – затты немесе құбылысты оның тікелей атауын қолданбай, келтірінді мағынада бейнелеп сипаттауында. Мұндай мағына тілдік жүйедегі өзге факторлармен, соның ішінде контекст пен прагматикалық жағдаймен тығыз байланыста айқындалады (Айтбайұлы, 2013: 200–201).

Перифразды «образды синонимдер» деп атаған профессор Т. Қоңыров бұл тәсіл арқылы зат пен құбылысты олардың басты, танымдық белгілері негізінде бейнелеп жеткізу жүзеге асатынын дәлелдейді (Қоңыров, 1978: 73). Ал белгілі лексиколог Ғ. Қалиев бұл пікірді дамыта отырып, перифразды «сипаттама оралым» ретінде анықтайды. Ғалымның пайымдауынша, мұндай оралымдарда зат немесе құбылыс тура атаудан гөрі сипаттау арқылы танылады. Мәселен, арыстанның «аң патшасы», жыланның «аты жаман» деп берілуі осының айқын дәлелі (Қалиев, 2006: 77).

Көркем әдебиет тілінде перифраз көріктеуіш амалдардың маңызды түрі ретінде орныққан. Бұл жөнінде академик Рәбиға Сыздық перифразды «бір нәрсені немесе құбылысты соның бір белгісін көрсетіп атау тәсілі» деп анықтай отырып, оның барлық тілдерге тән әмбебап құбылыс екенін атап көрсетеді (Сыздықова, 2004: 28).

Мұндай жанама атаулар сөзге айрықша экспрессия дарытып, шығарманың стилдік өрісін кеңейтеді әрі көркем бейнелілігін арттырады. Осыған байланысты перифраздың көркем мәтіндегі жетекші қызметі – стилистикалық-эстетикалық әсерді күшейту, яғни оқырман қабылдауына эмоциялық-көркемдік өң беру болып табылады. Перифраз арқылы мәтіннің мағыналық қабаты тереңдеп, авторлық бағалау мен эстетикалық ұстаным айқын көрінеді.

---

## Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері: контекстік-семантикалық талдау, функционалдық-прагматикалық интерпретация, салыстырмалы сипаттау (көркем дискурс – медиадискурс) және жіктеу, дискурстық талдау. Зерттеу материалын талдау көркем проза мәтіндерінен және әр жылдардағы мерзімді баспасөз, әлеуметтік медиамәтіндерден алынған сөзқолданыстарға сүйенеді. Материалда перифраздың көркем мәтінде образ түзуге, ал медиада ақпаратты әрлеуге және бағалауға қызмет ететін үлгілері қамтылады.

## Нәтижелер мен талқылау

Перифраз көбіне ұлттық-мәдени астары бар метафоралармен, теңеулермен ұштаса отырып, әдеби тілдің образдылық жүйесін қалыптастырады. Мәселен, Абай шығармаларында дүниенің *он сегіз мың ғалам, шартарап* деп аталуы немесе *сұлу қыздың қызыл гүл, қалам қас, піскен алма* сияқты бейнелі атаулармен сипатталуы – қазақ поэтикалық дәстүрінде орныққан перифраздық үлгілер. Бұл қолданыстар заттың немесе құбылыстың тікелей атауын айналып өтіп, ұлттық танымға тән эстетикалық кодтар арқылы бейнелі мағына тудырады.

Перифразды қолдану кейіпкердің портретін, мінез-құлқын не ішкі көңіл күйін жанама сипаттау арқылы оқырман сезіміне ықпал етудің тиімді тәсілі саналады. Жазушы екінші деңгейдегі атауларды пайдалана отырып, ойды тура білдірмей, астарлап жеткізеді, соның нәтижесінде кейіпкер бейнесі тұспалдау арқылы ашылады. Мәселен, Ғабит Мүсірепов ауыр еңбекпен әбден шыныққан қазақ жігітін *«сірі алақан, шойын білек»* деп атауы арқылы оның дене бітімі мен қайрат-күшін тікелей атамай-ақ, жанама бейнелеумен көрсетеді: *«Аш-жалаңаш сені шақырамыз, сірі алақан, шойын білек, мына туды сен ұстайсың!»* («Кездеспей кеткен бір бейне»). Бұл тіркес кейіпкерді жай ғана «еңбекқор жігіт» деп атаудан әлдеқайда әсерлі етіп, қатты еңбектен қолы қатайған, білек күші темірдей берік жан деген ұғымды оқырман санасында өздігінен қалыптастырады.

Сол сияқты жазушы осы шығармада пойызды халықтық таным тұрғысынан *«от арба»* деп атауы да перифраздың көркемдік әлеуетін айқын танытады: *«Ол қара жерді солқылдата сілтеп келе жатқан от арба – қара бұйра жал-құйрығын аспанға шаншып, қараңғы түнді қақ жарып, жарқырап келе жатқан паравоз!»* («Кездеспей кеткен бір бейне»). Мұнда паровоз техникалық нысан ретінде емес, жалын атқан, екпінді қозғалыстағы арба бейнесінде суреттеліп, қарапайым халықтың дүниетанымы көркем түрде беріледі әрі көркем шындықтың эмоциялық әсері күшейтіледі.

«Оған жіберетін кісілерім де әзір... “қызыл бұрыштың” бастығы Ажығали мұндай жұмысқа таптырмайтын адам» деген сөйлемдегі *қызыл бұрыштың бастығы* тіркесі перифраздың көркем әрі мәдени-тарихи астары бар үлгісін көрсетеді (Ғабит Мүсірепов, «Қазақ солдаты»). Кеңестік кезеңде қызыл бұрыш атауы үгіт-насихат және мәдени-ағарту жұмыстары жүргізілетін арнайы бөлмені білдіріп, идеологиялық мәнге ие тұрақты тіркеске айналғаны белгілі. Осыған сәйкес қызыл бұрыштың бастығы перифразы ресми *мәдени ұйымдастырушы, насихат жұмыстарының жетекшісі* сияқты атаулардың орнына жұмсалып, кейіпкердің қызметін танытумен қатар, оны белгілі бір идеологиялық жүйенің өкілі ретінде де айқындайды. Яғни, перифраз мұнда номинативтік емес, бағалауыштық әрі әлеуметтік-прагматикалық қызмет атқарып тұр.

Көркем мәтінде перифраз эмоциялық жағдайды жеткізудің де тиімді құралы болып табылады. Оралхан Бөкейдің «Ардақ» әңгімесіндегі *ат құйрығын кесіскендер, айықпас бұлт, төрт құбыласы сай, қызғаныш құрты, жарық әлеммен қоштасар шалажансар сәт,*

---

*тіршілік құсы* сияқты тіркестер автордың көркемдік әлемін айқындайтын айшықты перифраздар ретінде танылады.

*Ат құйрығын кесіскендер* тіркесі қазақ дәстүрінде туыстар арасындағы бітіспес араздықты білдіретін тұрақты мәдени кодқа негізделген. Автор бұл перифразды кейіпкерлер арасындағы жанжалды көрсету мақсатында қолданып, оқырман санасына ұлттық дүниетанымға тән образды ұсынады. *Айықпас бұлт* тіркесі де – қайғы мен реніштің кетпей, адамдар арасын торлаған күйін меңзейтін астарлы бейне. Мұнда *бұлт* ауыртпалықтың метафорасы болса, *айықпас* компоненті оның ұзаққа созылар, шешілмес сипатта екенін білдіреді. Осылайша перифраз психологиялық шиеленісті көркем түрде бейнелейді.

*Төрт құбыласы сай* тіркесі қазақ дүниетанымындағы тұрмыстық молшылықты, әлеуметтік тұрғыдан орнығуды білдіретін ұғымды танытады. Ал *қызғаныш құрты* перифразы көреалмаушылықты тікелей атамай, оны іштен жегідей жейтін, адамның жан дүниесін бұзатын психологиялық күй ретінде бейнелейді. Мұндағы құрт бейнесі эмоциялық әсерді күшейтіп, жағымсыз сезімнің деструктивті сипатын айқындайды.

Өлімге жақын сәтті білдіретін *жарық әлеммен қоштасар шалажансар сәт* перифразы да аса экспрессивті қолданысқа жатады. Мұнда *жарық әлем* тіршілікті, өмірді меңзесе, *шалажансар* күй жанның тәннен ажырауға таяғанын астарлайды. Осы мағынаны автор *қош деп ұшар тіршілік құсының ең ақырғы сілкінісі* деп одан әрі тереңдете түседі. Адамның жан тапсыруын *тіршілік құсының* ұшуы арқылы бейнелеу – ұлттық поэтикалық дәстүрге тән символдық перифраз, ол өлім ұғымын жұмсартып, философиялық деңгейде қабылдануға мүмкіндік береді.

Перифраздың көркемдік мүмкіндігі Қабдеш Жұбаділов шығармаларында да айқын аңғарылады. *Дүниенің қам-қайғысы, пендешіліктің кір-қоқысы, тіршіліктің тандыры* секілді тіркестер жазушының бейнелі ойлау жүйесінен туындаған перифраздар болып табылады. *Дүниенің қам-қайғысы* тіркесі қазақ дүниетанымында өткінші өмірдің күйбеңін, адам басына түсетін ауыртпалықтарды жинақтап білдіретін ұғымға айналған. Мұндағы *дүние* сөзі рухани әдебиетте «жалған, өткінші өмір» мағынасында қолданылып, философиялық сипат алады. *Қам-қайғы* қос сөзі де адамның жан дүниесін жайлаған күйзелісті бейнелейтін тұрақты поэтикалық формула ретінде орныққан.

*Пендешіліктің кір-қоқысы* тіркесінің түп негізінде *пенде* ұғымы жатыр. Парсы тілінен енген бұл сөз қазақ тілінде әлсіз, күнәлі адам баласының бейнесін білдіреді. Ал *кір-қоқыс* компоненті рухани-моральдық кемшіліктердің көркем баламасына айналып, тұрмыстық мағынадан абстрактыланып, адам болмысының ақаулы қырын бейнелейді. *Тіршіліктің тандыры* перифразы да дала мәдениетіне тән метафоралық ойлаудың жемісі, суға тәуелді тіршіліктің тарыққан күйін шөл мен қуаңшылыққа теңеу арқылы өмірдің таусылу шегін әсерлі жеткізеді.

Осылайша көркем мәтінде перифраз әлеуметтік, психологиялық әрі экзистенциалдық ұғымдарды жанама, бейнелі түрде танытудың пәрменді құралы ретінде көрінеді. Жазушы перифраздарды шебер пайдалану арқылы шығарманың идеялық-мазмұндық қуатын арттырып, оқырман эмоциясына ықпал етеді.

Академик Р. Сыздықтың тұжырымына сүйенсек, Абайға дейін де қазақ поэзиясында перифраздар қолданылғанмен, олар негізгі тәсіл деңгейіне көтерілмеген еді. Ал ұлы Абай перифразды жүйелі әрі өнімді құрал дәрежесіне дейін дамытты – бейнелі тіркестерді молынан қолдану, жаңасын жасау, бұрынғы қалыптасқан оралымдарды түрлендіре пайдалану арқылы ақын поэтикалық эмоционалдылықты мейлінше күшейтті (Сыздықова, 2004: 208). Демек, кейінгі қазақ көркем мәтіндерінде Абай дәстүрін жалға-

---

стырған перифраздар кейіпкердің жан дүниесін, көңіл күйін астарлай бейнелеп, оқырманға әсер ететін қуатты стилистикалық тәсіл ретінде орнықты.

Бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде перифраз айрықша стилистикалық құрал ретінде орнығып, қосқырлы қызмет атқарады. Біріншіден, ол ақпаратты беру формасын түрлендіру арқылы оқырман назарын аударып, мәтіннің ақпараттық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, сөз таңдаудағы баламалылық пен бейнелілік арқылы оқырманға прагматикалық ықпал жасап, белгілі бір идеяны астарлап жеткізуге немесе эмоциялық әсер тудыруға қызмет етеді.

Медиамәтіндерде ресми атаулар мен терминдердің қайталануын болдырмау мақсатында оларды баламалы перифраздармен алмастырып беру жиі ұшырасады. Мұндай қолданыстың ақпараттық қызметі – мәтін мазмұнын байытып, бірсарынды баяндаудан арылту және оқырман қызығушылығын сақтап қалу. Мәселен, жаңалық мәтіндерінде *Қазақстан Республикасының Президенті* атауы бірнеше рет қайталанбас үшін, алғашында ресми түрде беріліп, кейінгі жолдарда *Мемлекет басшысы* деген перифразбен алмастырылуы қалыпты тәжірибеге айналған. Сол сияқты *Елорда* және *оңтүстік астана* тәрізді атаулар Астана мен Алматы қалаларын әр қырынан танытып, ақпараттық стильде кеңінен қолданылады. Бұл перифраздар белгілі бір мекенді тек географиялық нысан ретінде ғана емес, саяси, мәдени немесе символдық мәні бар кеңістік ретінде қабылдауға ықпал етеді.

Медиадискурста перифраздың екінші, әрі маңызды қыры – оның прагматикалық, яғни ықпал ету қызметі. Газет-журнал тілі ресми стиль талаптарын сақтай отырып, оқырманға жеткізілетін ойды көбіне жанама, бейнелі атаулар арқылы ұсынады. Мысалы, *қылқалам шебері*, *сөз майталманы* сияқты тіркестер белгілі бір суретші не қаламгерді атауда қолданылып, фактілік ақпаратпен қатар бағалауыштық реңк үстейді. Ал *қара алтынның* отаны тәрізді қолданыстар (мұнайлы өңірлерге қатысты) нақты деректі бейнелі түрде ұсыну арқылы оқырман санасында әсерлі образ қалыптастырады.

Жаңалық мәтіндерінде оқырманға жағымды эмоциялық әсер беру мақсатында қолданылатын перифраздар жиі ұшырасады. Мәселен, *ақ халатты абзал жандар* тіркесі – дәрігерлерді, *ержүрек жандар* – құтқарушыларды, *ал төрт аяқты достар* бейресми контексте ит, жылқы секілді жануарларды атау үшін жұмсалады. Мұндай перифраздар ақпараттық мазмұнмен қатар, оқырман санасында жылылық, құрмет немесе сүйіспеншілік реңкін қалыптастырады. Осы арқылы медиамаәтін тек хабарлау қызметін атқарып қана қоймай, адресаттың эмоциялық қабылдауына да ықпал етеді.

Перифраздың публицистикадағы тағы бір маңызды ерекшелігі – оның кең қоғамдық қолданыс нәтижесінде клишеге, яғни тілдік штампқа айналу үдерісі. Бұқаралық ақпарат құралдарында жиі қайталанатын перифраздар уақыт өте келе көпшілік санасына сіңіп, дайын тілдік бірлік ретінде күнделікті қолданысқа еніп жатады. Мысалы, Алматы қаласының атауы жылдар бойы БАҚ беттерінде *Оңтүстік астана* перифразы арқылы беріліп келеді. Қазіргі таңда бұл тіркес аталған қаланың бейресми баламасына айналып, ресми емес коммуникацияда да кеңінен қолданылады.

Сол сияқты Түркістан шаһарына қатысты журналистік дискурста қалыптасқан *Түркі әлемінің рухани астанасы*, *түркілер төрі* секілді перифраздар бастапқыда тың әрі әсерлі қолданыстар болғанымен, уақыт өте келе газет мәтіндерінде жиі қайталанып, экспрессиялық қуатының әлсірей бастағаны байқалады. Бұл құбылыс бір перифраздың үздіксіз қайталануы нәтижесінде оның бейнелілік және эмоциялық әсерінің біртіндеп бәсеңде-

---

уіне байланысты. Дегенмен мерзімді баспасөз тілінде жаңа, баламалы перифраздарды іздестіру үдерісі үздіксіз жүріп отырады.

Осы тұрғыда профессор Б. Момынова қазақ баспасөзі тілінде «сөздердің екінші деңгейдегі мағыналарының дамуы арқылы синонимдік жұптардың қолданыста бір мезгілде қатар пайда болатынын» атап көрсетеді (Момынова, 2003: 192). Бұл пікір медиадискурста перифраздардың динамикалық сипатын, олардың тілдік жүйеде үздіксіз жаңарып отыратын құбылыс екенін дәлелдейді.

Осыдан шығатын қорытынды – медиамәтіндерде қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктеріне сүйене отырып, мағыналас балама атауларды қалыптастыру үдерісі белсенді түрде жүріп жатыр. Мұның айқын дәлелі – перифраз негізінде пайда болған контекстуалдық синонимдердің көбеюі. Мәселен, *тәжтажал* лексемасы (*тәж* – корона, *тажал* – ажал) COVID-19 індеті таралған кезеңде қазақ баспасөзінде вирустың бейнелі атауы ретінде қолданысқа енді. Бұл мүлде жаңа қолданыс қысқа уақыт ішінде көпшілікке түсінікті болып, медиакеңістіктен тыс, күнделікті ауызекі сөйлеу тіліне дейін таралды. Аталған мысал перифраздың медиадискурста жаңа номинациялар тудырудағы өнімді тетік екенін көрсетеді.

Көркем әдебиет пен медиамәтіндегі перифраз қолданысын салыстыра қарастырғанда, ең алдымен олардың ортақ ұқсастықтары байқалады. Екі дискурста да перифраз екінші атау, алмастырушы балама ретінде қызмет атқарып, негізгі мақсаты – сөздің әсерлілігін арттыру, ойды бейнелі түрде жеткізу болып табылады. Яғни, көркем мәтінде де, журналистикалық мәтінде де перифразға жүгіну тілдік экспрессияны күшейтуге, бейнелілікке ұмтылудан туындайды.

Сонымен қатар екі салада да перифраз көбіне метафора, теңеу, аллюзия, синекдоха, метонимия тәрізді троптармен тығыз байланыста қолданылады. Басқаша айтқанда, перифраз жалпылама атауды оның нақты сипаттамасы арқылы алмастыруды көздесе, бұл алмастыру тетіктері көркем және медиалық мәтіндерде ортақ семантикалық негіздерге сүйенеді. Мұндай негіздерге нысанды оның басты қасиеті арқылы атау, қызметі мен функциясына қарай номинациялау сияқты тілдік амалдар жатады.

Екі дискурста да перифраздың прагматикалық қызметі айқын көрінеді. Ол оқырман назарын аударуға, эмоциялық әсер туғызуға және мәтіннің негізгі идеясын тиімді ұғындыруға бағытталған. Демек, көркем шығарма авторы да, публицист те перифразды таңдауда оның оқырман санасында тудыратын ассоциациясын, ұлттық-мәдени контексттегі мағыналық жүктемесін ескереді. Бұл – көркем әдебиет пен медиадискурста ортақ, әмбебап заңдылықтардың бірі.

Ортақ белгілердің бірі ретінде перифраздардың ұлттық таным мен тілдік дәстүрге сүйеніп жасалатынын атап өтуге болады. Қазақ көркем әдебиетінде де, бұқаралық коммуникацияда да тарихи тұрғыдан орныққан *қара алтын*, *ақ орда*, *қара қазан*, *сары баланың қамы* тәрізді перифраздар мағыналық өзегін сақтай отырып, тұрақты қолданысқа ие болып келеді. Мұндай бірліктердің екі дискурста да бірдей қабылдануы олардың ұлттық санамен, дәстүрлі дүниетаныммен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Осы арқылы авторлар оқырманмен ортақ мәдени-танымдық кодтарға, яғни қалыптасқан тұрақты образдарға сүйеніп, мәтінді қабылдауды жеңілдетеді әрі адресант пен адресат арасында эмоциялық-бағалауыштық ортақтық орнатады.

Енді айырмашылықтарына келсек, көркем мәтін мен медиамәтіндегі перифраз қолдануы бірқатар параметрлер бойынша өзгешеленеді. Төменде салыстырмалы кестеде негізгі айырмашылықтар жүйеленіп көрсетілді:

**1-кесте.** Көркем мәтін мен медиамәтіндегі перифраздардың айырмашылықтары

Салыстыру өлшемі	Көркем мәтіндегі перифраз	Медиамәтіндегі перифраз
Мақсатты қызметі	Эстетикалық әсер ету, көркем бейне жасау, эмоциялық тереңдік беру.	Ақпаратты әрлеу, ықпал ету (үгіт-насихат, иландыру), назар тарту.
Қолданылу жиілігі	Өте жиі (әсіресе поэзияда, прозада суреттеу тұстарында мол).	Жанрға байланысты: жаңалықта орташа, көркем очеркте жиі.
Тілдік форма сипаты	Авторлық бірегей перифраздар көп, сирек ұшырасатын образдар мол.	Клишеленген, жұртқа таныс перифраздар басым; тұрақты тіркеске айналған түрлері көп.
Мазмұн-формалық ауқымы	Көпмағыналы, астарлы (оқырман пайымдауына ерік береді).	Негізінен бір мағыналы, анық (оқырман жылдам түсінуге бейімделген).
Оқырманға әсер тәсілі	Жанама, астарлы әсер (эстетикалық қуат, терең эмоция туғызу).	Тікелей немесе контекст арқылы әсер (қызықтыру, сендіру, бағалату).
Мысалдар	«қызғаныш құрты» – көре алмаушылық; «Тіршілік құсы» – жан, өмір (О.Бөкей).	«Қара алтын» – мұнай; «Оңтүстік астана» – Алматы; «Ақ халатты абзал жан» – дәрігер.

Ескерту: Кесте автор тарапынан құрастырылған

Кестеде көрсетілгендей, көркем әдебиеттегі перифраз қолданысы, ең алдымен, шығарманың эстетикалық мұратына бағындырылған. Осыған сәйкес жазушы көркем мәтіннің тілін барынша бейнелі, әсерлі етуге ұмтылады да, перифраздарды кең көлемде, кей жағдайда үстемелей қолданады. Мұндай қолданыс көркемдік тұтастықты қамтамасыз етіп, образды ойлауды тереңдетуге қызмет етеді.

Ал бұқаралық ақпарат құралдары тілінде шектен тыс бейнелілік негізгі мақсат болып саналмайды. Мұнда басты қағида – ақпараттық нақтылық пен прагматикалық ықпалдың тепе-теңдігін сақтау. Журналистік мәтінде перифраздың шамадан тыс қолданылуы оқырманды қажытып, негізгі ақпараттың көмескіленуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан жаңалық және публицистикалық мәтіндерде перифраздың орынды, мөлшерлі әрі функционалды қолданылуына ерекше мән беріледі.

Осы тұрғыдан алғанда, баспасөз тіліндегі перифразды оған мәндес тілдік құбылыстармен, яғни, синоним, метафора, эфемизм, синекдоха, метонимия секілді бірліктермен салыстыра талдау оның стилистикалық және прагматикалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай салыстыру перифраздың медиадискурстағы өзіндік орнын нақтылап, оның қолданылу шекарасын белгілеуге жағдай жасайды.

Ең алдымен, перифраз бен синонимнің арақатынасын анықтап алған жөн. Синонимдер деп мағыналары жуық немесе өзара жақын болғанымен, дыбыстық тұрпаты әртүрлі тілдік бірліктерді айтамыз. Ал перифраз белгілі бір сөзді немесе атауды сипаттамалы сөз тіркесі арқылы алмастырып береді. Осы тұрғыдан қарағанда, перифразды контекстік

---

синоним ретінде тануға негіз бар. Мәселен, *қара алтын – мұнайдың, ақ ұлпа – мақтаның, темір тұлпар – автокөліктің* баламасы ретінде жұмсалады, сондай-ақ әлемнің екінші ұстазы тіркесі Әл-Фараби есімінің орнына қолданылады. Кең мағынасында перифраз номинацияның синонимдік түрі болып табылады, яғни бір затты немесе ұғымды өзге тілдік құралдармен баламалы түрде атау қызметін атқарады. Сондықтан бірқатар зерттеушілер перифразды контекстік синонимия құбылысына жатқызады (Бытеева, 2002: 49).

Алайда перифраздың лексикалық синонимдерден басты айырмашылығы – оның көбіне бірнеше сөзден тұратын сипаттамалық оралым болуы және белгілі бір стилистикалық, бағалауыштық немесе концептуалдық жүк арқалауы. Синонимдер, әдетте, бір сөз табына жататын дербес лексемалардан құралса (мысалы, *халық – ел – жұрт*), перифраз тұтас бір тіркес деңгейінде көрінеді. Мәселен, *жеңіс туы желбіреді* тіркесі *жеңді* деген мағынаны перифрастикалық жолмен жеткізеді. Мұндай қолданыстарда мағыналық өзекпен қатар бейнелілік те қатар жүреді.

Перифраздың синонимиядан тағы бір ерекшелігі – оның мәтіндегі сөз қайталауды болдырмау құралы ретінде қызмет етуі. Автор белгілі бір затты немесе құбылысты бірнеше рет атау барысында бір ғана лексемамен шектелмей, оны әртүрлі перифраздық баламалар арқылы түрлендіріп отырады. Мысалы, мәтінде *Президент* сөзі алғаш рет аталғаннан кейін, кейінгі сөйлемдерде оны *Мемлекет басшысы, ел тізгінін ұстаған тұлға деп, ал Елорда атауын жас қала, арман қала, жаңарған шаһар* тәрізді перифраздармен алмастыру – контекстік қайталама номинацияның стилистикалық тұрғыдан тиімді тәсілі. Бұл жағынан перифраз синонимдер сияқты мәтіннің әсерлілігін арттырып, эстетикалық қуатын күшейтеді.

Перифраздың метафорамен байланысы да ерекше тығыз. Көптеген перифраздар метафора немесе метонимия негізінде жасалады. Метафора ұқсастық немесе ортақ белгіге сүйене отырып, бір заттың атауын екінші затқа ауыстырып қолдану тәсілі болса, перифразда осы метафоралық ауысым сипаттамалы атаудың құрамында көрініс табады. Мәселен, Абайды *кемел ойдың кеніші* деп атау – *Абай ой қазынасына тең* деген метафораға негізделген перифраз. Сол сияқты *дала кемесі* тіркесі түйені атауда қолданылып, оның кең даладағы қозғалыс құралы ретіндегі қызметін метафоралық жолмен бейнелейді.

Қазіргі медиамәтіндерде де мұндай метафоралық перифраздар кеңінен қолданылады. Мысалы, «*Ғасыр дерті: үміт пен үрейдің күресі*» атты тақырыпта (*Егемен Қазақстан, 5 сәуір, 2023*) *ғасыр дерті* перифразы нақты атауды тікелей көрсетпей, белгілі бір әлеуметтік немесе биологиялық індетті жұмсартып, бейнелі түрде жеткізу үшін қолданылады. Мұндағы *дерт* компоненті – метафора, ол ғасырды адам тәнімен салыстырып, қоғамдық проблеманы оның «ауруы» ретінде сипаттайды. Ал *үміт пен үрейдің күресі* тіркесі сол дерттің ішкі сипатын ашатын метафоралық жалғастық қызметін атқарады.

Сол сияқты «*Алтын бесік әдептілікке тәрбиелейді*» (25 қазан, 2024) немесе «*Арқадағы алтын бесік*» (1 желтоқсан, 2020) тәрізді қолданыстарда *алтын бесік* – ауылға берілген перифраздық атау. Бесік ұлттық дүниетанымда бастау мен тәрбиенің символы болса, *алтын* эпитеті оның құндылығын, киелілігін айқындайды. Демек, ауыл мұнда жай ғана географиялық мекен емес, мәдени-рухани бастау ретінде қайта концептуалданады. Ал «*Білімді ұрпақ – адам капиталы*» (26 мамыр, 2022) тіркесі публицистикалық стильде жасалған метафоралық перифраз болып табылады. Экономикалық термин (*капитал*) арқылы білімді ұрпақтың әлеуметтік маңызы мен стратегиялық құндылығы бейнеленеді.

---

Тағы бір мысал – «Қызыл жалынның беті қайтар түрі жоқ» (25 мамыр, 2023) тақырыбындағы *қызыл жалын* перифразы. Бұл қолданыста өрт тікелей аталмай, жалын арқылы бейнеленіп, *қызыл* эпитеті қауіптілік пен дүлей күштің символына айналады. Осылайша бастапқы ұғым тікелей номинацияланбай, ассоциация, ұқсастық және эмоциялық әсер арқылы жеткізіледі.

Алайда барлық перифраздар міндетті түрде метафоралық сипатта бола бермейді. Кейбір перифраздарда ауыспалы мағына болмай, олар таза логикалық, сипаттамалық негізде жасалады. Мәселен, «*Абай жолы*» романының авторы тіркесінде бейнелілік жоқ, мұнда нақты еңбекті көрсету арқылы тұлғаның өзі аталып отыр. Мұндай қолданыстар ғылыми әдебиетте логикалық перифраз деп аталып, әдетте троптар қатарына қосылмайды.

Осы ұстанымды қолдаған И.Б. Голуб метафоралық, яғни образды перифраздарды ғана троп ретінде тану қажет екенін, ал тура мағыналы, бейобразды перифраздарды троптар қатарынан бөлек қарастыру керектігін атап көрсетеді (Голуб, 1997: 30). Бұл көзқарас перифраздардың ішкі жіктелімін нақтылауға мүмкіндік береді.

Осыған сүйене отырып, перифраз бен метафораның арақатынасын «перифраздардың едәуір бөлігі метафоралық негізде жасалады (бейнелі перифраздар), алайда кейбірі таза сипаттамалық болғандықтан, оларды шартты түрде метафорадан бөлек қарастыру орынды. Дегенмен, метафоралық та, логикалық та перифраздарды біріктіретін ортақ белгі бар, ол – ойды тікелей емес, жанама сипаттау арқылы жеткізу» деп тұжырымдауға болады

Перифраз метонимиямен де тығыз байланысты. Мәселен, «*Ақ үйдің мәлімдеуінше*» деген қолданыста мекеме атауының орнына ғимарат атауы жұмсалып, метонимиялық перифраз жасалған. Мұнда да негізгі нысан тікелей аталмай, оған қатысы бар белгі арқылы танытылады.

Перифраз бен эвфемизмнің арақатынасына келсек, эвфемизм – мағынасы дөрекі, қолайсыз немесе әлеуметтік тұрғыдан жағымсыз сөздердің орнына сол мағынаны жұмсартып, сыпайы түрде жеткізетін атау. Эвфемизмдер, әдетте, сөйлеу этикетіне сай келмейтін сөздерді алмастыру мақсатында қолданылады (Ахметов, 2015). Мысалы, *өлу* сөзінің орнына *қайтыс болу*, *қаза табу* сияқты ресми баламалар немесе *көз жұму*, *мәңгілік сапарға аттану* тәрізді перифраздық эвфемизмдер жиі кездеседі.

Баспасөз тілінде мұндай қолданыстар кең таралған: «*жоғары лауазымды полиция қызметкері қаза тапты*», «*мәңгілік сапарға аттанды*», «*бақилық болды*», «*бақиға көшті*» тәрізді тіркестер тура өлді сөзін қолданбай, астарлап әрі сыпайылап жеткізуге бағытталған. Демек, эвфемизмдердің едәуір бөлігі құрылымдық жағынан перифрастикалық оралымдар болып табылады.

Сол сияқты күнделікті және публицистикалық қолданыста *мүгедек* сөзінің орнына *мүмкіндігі шектеулі жан*, *саңырау* атауының орнына *құлағының мүкісі бар* деп айту – перифраздың эвфемистік қызметінің көрінісі. Бұл қолданыстарда да тура атау сипаттамалы, жұмсартылған баламамен алмастырылады.

Дегенмен эвфемизмдерді кейде перифраздан бөлек, дербес лингвистикалық құбылыс ретінде қарастырады. Себебі кейбір эвфемизмдер бір ғана сөз арқылы берілуі мүмкін. Мысалы, тұрмыстық контексте дөрекі сөздің орнына бейтарап бір сөзді қолдану – эвфемизм болғанымен, перифраз болмауы ықтимал. Ал көп жағдайда эвфемизмдер бірнеше сөзден құралып, перифраздық сипат алады. Осы себепті перифраз бен эвфемизм арасындағы шекара шартты сипатқа ие. Яғни, эвфемизм – қолайсыз мағынаны

---

жағымды немесе бейтарап формада жеткізуге бағытталған перифраздың мақсаттық түрі ретінде қарастырылады.

Жалпы алғанда, перифраз синонимиямен де, метафорамен де, эвфемизммен де өзара тығыз байланыста дамиды тілдік құбылыс. Ол кей жағдайда осы тәсілдердің бірінің қызметін атқарса, кейде олармен қабаттасып қолданылады. Алайда перифраздың басты ерекшелігі – оның номинациялық қызметпен қатар экспрессивтік-эстетикалық қызметті де қоса алып жүруінде. Перифраз белгілі бір ұғымды атаумен шектелмей, оны сипаттайды, сол арқылы қосымша эмоциялық, бағалаушытық және көркемдік әсер тудырады. Сондықтан перифразды жай ғана синонимге, толыққанды метафораға немесе тек эвфемизмге телу жеткіліксіз, ол – осы тілдік тәсілдердің тоғысынан туындайтын көпқырлы, күрделі стилистикалық құбылыс.

Перифраздың ең маңызды қызметтерінің бірі – оның көркемдік-стильдік функциясы. Перифразды қолдану арқылы сөйлеуші не жазушы өз ойын әсерлі, бейнелі түрде жеткізеді. Мұндай стильдік мақсат, әсіресе, көркем әдебиет пен публицистикалық мәтіндерде айқын көрініс табады.

Стильдік тұрғыдан алғанда, перифраздың бірнеше дербес үстеме қызметтері бар. Біріншіден, ол мәтінді көріктендіріп, тілдің бейнелілік әлеуетін арттырады. Құрғақ, ресми атаулардың орнына бейнелі, астарлы атауларды қолдану мәтінді тартымды әрі экспрессивті етеді. Екіншіден, перифраз мәтіннің эмоциялық реңкін күшейтеді немесе өзгерте алады. Автор белгілі бір объектіні әртүрлі перифраздар арқылы атау арқылы оған деген өз бағасын, көзқарасын білдіреді. Мәселен, публицистикалық мәтінде бір географиялық кеңістікті шөлейт дала деп атау бейтарап сипаттама болса, *қу медиен* (Ана тілі, 24 ақпан 2022) деп атау – жағымсыз бағалау, ал *ұлы сахара* (Қазақ әдебиеті, 25 тамыз 2015) деп перифраздау – айқын позитив бағалау болып табылады. Демек, перифраздың мағыналық өзегімен қатар, оның бағалаушытық әлеуеті де күшті. Зерттеулерде перифраздар белгілі бір объектіге қатысты мелиоративті немесе пейоративті реңк тудыруы мүмкін екені көрсетіледі (Окс, 2012: 168).

Мысалы, *арыстан* ұғымын *жыртқыш аң* деп атау нейтрал сипат берсе, *аң патшасы* деп атау – асқақтату, ал *қаныпезер жыртқыш* деп перифраздау жағымсыз бағалау тудырады. Осы үш түрлі атау бір объектіге қатысты әртүрлі стилистикалық-бағалаушытық әсер қалыптастырады. Сондықтан перифраз стильдік құрал ретінде автордың коммуникативтік мақсатына сай оқырманға немесе тыңдаушыға белгілі бір эмоциялық әсер қалдыруға бағытталады.

Үшіншіден, перифраз мәтіннің эстетикалық сапасын көтереді. Көркем әдебиетте ол образдылықты қалыптастырудың тетігі болса, публицистикада сөйлемді әрлендіру, аудитория назарын аудару, мәтінге динамика мен экспрессия беру құралы ретінде қызмет етеді. Мәселен, газет тіліндегі *қарт құрлық* (Егемен Қазақстан, 4 мамыр 2020), *зобалаң жылдар* (сол басылым, 27 мамыр 2021) тәрізді перифраздар мәтінді бірсарынды баяндаудан арылтып, оған композициялық әр береді.

Прагматикалық тұрғыдан алғанда, перифраздың қызметі коммуникативтік мақсатпен, яғни адресант пен адресат арасындағы өзара ықпалдастық қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Ең алдымен, перифраз адресаттың назарын аударып, ақпаратты жаңаша, тосын тәсілмен жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, жаңалық мәтінде бір атауды немесе лауазымды тұлғаның есімін үздіксіз қайталау оқырман назарын бәсеңдетуі мүмкін. Сондықтан журналист оқырманды селт еткізу үшін тың перифраздарды қолданады. Айталық, *«Қазақтың қаракөз қариялары сол жерде қаптап жүргенін көрген-*

---

де жағамды ұстадым» (Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2023) деген сөйлемде автор қарттар үйіндегі адамдарды *қарттар* деп тура атамай, *қаракөз* перифразы арқылы ұлттық-этностық реңк үстеп, эмоциялық әсер тудырады.

*Қаракөз* сөзі қазақ тілінде дәстүрлі түрде ұлттық сипаттағы жастарды, әсіресе қыз балаларды бейнелеуде қолданылған. Бұл лексема қазақ халқына тән сыртқы белгіні ғана емес, этностық жақындық пен іштей жылылықты да білдіреді. Аталған публицистикалық контексте бұл мағына кеңейіп, *ұлттық болмыстың иелері* деген мазмұнда қарияларға қатысты жұмсалып отыр. Мұндай таңдау оқырманды қарттар тағдырына бейжай қарамауға, жанашырлықпен қабылдауға жетелейді. Осылайша *қаракөз қариялар* тіркесі тек ақпарат беріп қоймай, ұлттық ұят, жауапкершілік және мейірім сезімдерін оятатын прагматикалық қызмет атқарады.

Сол сияқты *«тар жол, тайғақ кешулер»* тіркесі де перифраздық қолданыс ретінде қиындық, сындарлы кезең ұғымдарын тура атамай, ұлттық-мәдени реңкі бар бейнелі формада жеткізеді. Бұл тіркес қазақ әдеби тілінде Сәкен Сейфуллиннің *«Тар жол, тайғақ кешу»* еңбегі арқылы орныққан мәдени кодқа сүйенеді. Мұндай перифраздар мәтіннің прагматикалық әсерін күшейтіп қана қоймай, ұлттық дискурсты белсендіреді.

Екіншіден, перифраз қайталама номинация жасаудың тиімді құралы ретінде мәтін тұтастығын қамтамасыз етеді. Мәтінтануда бір объектіні әртүрлі атаулар арқылы қайталап отыру когезия тудырады деп есептеледі. Осы үдерісте перифраз бұрын аталған объектіні жаңа қырынан танытып, ақпараттық кеңістікті кеңейтеді. Бұл әрі сөз қайталаудан қашуға, әрі объектіге қосымша сипат беруге мүмкіндік береді. Сондықтан перифраздың бұл қызметі мәтінқұраушы, яғни когезиялық қызмет ретінде қарастырылады (Отт, 2009: 282).

Мәселен, ғылыми мәтінде Күн бір рет аталған соң, оны *жұлдыз* немесе *ғарыштық нысан* деп атау объектіні әртүрлі қырынан көрсетіп, мәтіннің біртұтастығын сақтайды. Ал публицистикада белгілі бір тарихи тұлғаның есімі бір-екі рет беріліп, кейін *қоғам қайраткері, нар тұлға, ұлт мақтанышы* сияқты перифраздармен алмастырылуы мәтінді әрі мазмұнды, әрі оқуға жеңіл етеді.

Үшіншіден, прагматикалық аспектіде перифраз кей жағдайларда манипулятивтік функция атқарады. Зерттеушілердің пікірінше, әсіресе саяси дискурс пен бұқаралық ақпарат құралдарында перифраз қоғамдық сананы белгілі бір бағытта бағдарлаудың тілдік құралына айналуы мүмкін (Грехнева, 2021: 54). Мәселен, медиамәтіндерде *соғыс* атауының орнына *жаһандық сын-қатерлер* тәрізді перифраздарды қолдану ақпаратты неғұрлым жұмсақ, бейтарап формада ұсынуға бағытталған прагматикалық стратегия болып табылады. Бұл жерде нақты эвфемистік астардан гөрі, адресаттың қабылдауын белгілі бір арнаға бұруды көздейтін коммуникациялық стратегия жүзеге асады. Яғни, перифраз тыңдаушының интерпретациясын реттеу мақсатында қолданылған жағдайда, ол манипулятивтік-прагматикалық қызметте тұрғаны байқалады.

### **Қорытынды**

Жалпы алғанда, перифраздың прагматикалық-коммуникативтік қызметтері аудитория назарын аудару, мәтін құрылымын үйлестіру, маңызды ақпаратты ұтымды әрі қабылдауға жеңіл формада жеткізу және қажетті реакция тудыру қырларын қамтиды. Бұл қызметтер, әсіресе, публицистикалық, саяси және ресми дискурста айқын көрінеді. Мәселен, ресми баяндамаларда қатқыл мәлімдемелердің орнына тұспалдап, жұмсартып айту жиі кездеседі: *«Бұл соңғы кезде кейбір көршілеріміздің біздің жерлерге көз алартуы*

---

жағдайында аса өзекті болып саналады» деген сөйлемде нақты субъект атын атамай, кейбір көршілеріміз деген перифразды қолдану – дипломатиялық прагматиканың айла-тәсілі. Сол сияқты ресми есептерде қателік сөзінің орнына *кемшілік, келеңсіздік, олқылық* тәрізді атауларды таңдау да жағымсыз ақпаратты бейтараптандырып ұсынуға бағытталған прагматикалық қадам болып табылады. Демек, перифраздың прагматикалық қызметі контекстке, автор ниетіне және адресатқа ықпал ету мақсатына тікелей тәуелді әрі коммуникация стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде көрінеді.

Медиаөміріндегі перифраздар белгілі бір тақырыптық және құрылымдық ерекшеліктерге ие болғандықтан, оларды саяси, әлеуметтік, экономикалық бағыттары бойынша, сондай-ақ жасалу тәсілдері тұрғысынан топтастыруға болады. Әрбір саланың медиатілінде жиі қолданылатын перифраздар сол дискурстың коммуникативтік мақсатына, бағалаушылық ұстанымына және аудиториясына байланысты қалыптасады.

Саяси тақырыптағы мақалалар мен сараптамаларда билік, шенеунік, саясаткер ұғымдарын тікелей атамай, астарлы, экспрессивті атаулармен беру кең таралған. Мұндай перифраздар көбіне сын айту, әшкерелеу, ирония немесе сатира мақсатында қолданылады. Мәселен, 2022 жылы жарияланған бір сұхбатта Қалдыбек Құрманәлі парламент депутаттарын «*Мақұлбектер*» мен «*Мақұлгүлдер*» деп атауы – тосын әрі өткір перифраздық қолданыс. Мұнда *мақұл* түбіріне антропоним жасауға *тән -бек / -гүл* жұрнақтарын жалғау арқылы жаңа, ирониялық атаулар жасалған. Осы тәсіл арқылы автор халық қалаулыларының дербес позициясының жоқтығын әшкерелеп, олардың іс-әрекетіне теріс баға береді. Бұл – перифраздың саяси дискурстағы экспрессивтік және манипулятивтік қызметінің айқын көрінісі.

Осы қатарда жоғары билік өкілдерін *тақта отырғандар* деп атау да жиі ұшырасады. Тура мағынасында бұл тіркес монархиялық билік иелеріне қатысты айтылғанымен, қазіргі медиаконтексте министрлерге, әкімдерге, жоғары лауазымды тұлғаларға меңзейді. Мысалы, «*Тақта отырғандар қазақ тілін жетік меңгергенше бұл сұрақты жабу керек*» деген сөйлемде бұл перифраз мемлекеттік тілді меңгермеген билік өкілдерін сынау құралы ретінде жұмсалып, олардың жауапкершіліктен тыс тұрғанын астарлайды.

Сол сияқты *былғары креслодағылар* перифразы да шенеуніктерді бейнелеуде тұрақты қолданысқа түскен. *Былғары кресло* метонимиясы арқылы әлеуметтік мәртебесі жоғары, ықпалды топ меңзеліп, олардың қарапайым халықтан алшақ өмірі сыналды. Мұндай перифраздар саяси медиадискурста билікке қатысты қоғамдық көңіл күйді қалыптастыруға қызмет етеді. Осы қатарда президентті атау үшін қолданылған *Ұлт көшбасшысы* тіркесін де саяси коммуникацияда имидж қалыптастыруға бағытталған перифраздық титул ретінде қарастыруға болады.

Әлеуметтік мәселелерге арналған медиаөмірінде перифраздар көбіне этикалық және эвфемистік мақсатта жұмсалады. Қоғамдағы белгілі бір топтарды тура атамай, әдеп сақтау немесе жұмсартып жеткізу негізгі ұстанымға айналған. Мысалы, *мүгедек* сөзінің орнына *ерекше қажеттіліктері бар азаматтар* деген перифраздың қолданылуы қазіргі қазақ баспасөзінде қалыпты нормаға айналды. Мұндай қолданыс Егемен Қазақстан газетінде де тұрақты түрде кездеседі («*Ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға қандай іс-шаралар тегін?*», 29 мамыр 2023). Бұл перифраз қоғамда сезімтал әлеуметтік этикет нормаларын орнықтыруға бағытталған.

Кей жағдайда әлеуметтік құбылысты сынау үшін экспрессивті перифраздар қолданылады. Мысалы, жастардың интернетке тәуелділігін сипаттауда *әлеуметтік желі – әліппе, TikTok – емізік, Instagram – бесік жыры* деп бейнелеу (Алматы ақшамы, 22 ақпан

---

2025) – публицистикалық перифраздың өткір үлгісі. Бұл жерде жаңа медианың бала тәрбиесіндегі басымдығы әдейі тұрмыстық, биологиялық образдармен алмастырылып, жағымсыз құбылысқа назар аударылады. Сол мәтінде әлеуметтік желінің әсері *атом бомбасына* теңеліп, қауіп деңгейі әдейі әсіреленеді.

Интернет пен медиакөңістікке арналған мақалаларда да тың перифраздар мол. Мәселен, *әлеужелі* (әлеуметтік желі) атауын қысқартып, бейресми формада беру немесе оны айғай салатын жартас деп сипаттау (*Орталық Қазақстан*, 1 шілде 2021) – әдеби аллюзияға негізделген перифраз. Бұл қолданыс Абай поэзиясындағы жаңғырық мотивімен астасып, желідегі ақпараттың бос айқайға айналатынын меңзейді. Ал *ақпарат әлеужеліде қаңбақша көшіп жүр* тіркесі интернеттегі ақпараттың бақылаусыз, тамырсыз таралуын бейнелейді.

Әлеуметтік тақырыптағы мәтіндерде қоғам мүшелерін сипаттауға арналған перифраздар да кездеседі. *Майшелпекке кенелгендер* (ауқаттылар), *алтын қолды жұмысшы* (еңбек адамы), *буыны бекімеген бозбалалар* (жастар) тәрізді қолданыстар мәтінге стильдік әр береді.

Экономикалық тақырыптағы медиамәтіндерде перифраздар ерекше жиілікпен қолданылады. Мұнайды *қара алтын* деп атау – соның ең танымал үлгісі. Қазақстан экономикасының негізгі тіректерінің бірі болғандықтан, бұл перифраз БАҚ-та тұрақты түрде кездеседі. Мәселен, Егемен Қазақстан газетінде «*Қазынаның көзі – қара алтын*» (16 желтоқсан 2023) деп мұнай ұлттық байлық ретінде бағаланады. Осы қатарда *ақ ұлпа*, *ақ алтын* (мақта), *көгілдір отын* (газ), *көгілдір экран* (теледидар), *тілсіз жау* (өрт) сияқты экономикалық және тұрмыстық перифраздар да кең қолданыста.

Қаржы саласында әлемдік валютаны *көк қағаз*, *көк ақша* деп атау – бейресми перифраздың медиатілге енуінің мысалы. Бұл атау бастапқыда ауызекі сөйлеуде пайда болғанымен, кейде *Вақ.kz* сияқты ақпараттық порталдарда да кездеседі. Мұндай қолданыстар доллардың қоғамдағы символдық рөлін аңғартады.

Экономикалық қиындықтарды сипаттауда журналистер көбіне астарлы теңеулерге жүгінеді. *Қаржы райының құбылуы*, *баға бұлтының қалыңдауы* тәрізді перифраздар күрделі процестерді оқырманға жеңіл қабылдату үшін қолданылады. Ал ресми экономикалық дискурста керісінше, эвфемистік перифраздар басым. *Дағдарыс* орнына *уақытша өтпелі кезең*, *жұмыссыздық* орнына *еңбек нарығындағы теңгерімсіздік* деп беру – жағымсыз ақпаратты жұмсартуға бағытталған манипулятивтік стратегия.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ БАҚ-ындағы перифраздар құрылымы жағынан сан алуан. Олардың негізгі түрлеріне метафоралық перифраздар (*қара алтын*), метонимиялық перифраздар (*былғары кресло*), фразеологиялық перифраздар (*айғай салатын жартас*), морфологиялық тәсілмен жасалған жаңа атаулар (*мақұлбек/мақұлгүл*), сондай-ақ әдеби-мәдени аллюзиялар жатады. Осы құрылымдық үлгілерді жүйелеу перифраздардың тілдік табиғатын, прагматикалық әлеуетін және қоғамдық санаға ықпал ету тетіктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

### **Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала AP26100789 «Қазақ тілінің өміршеңдігі: жазушы тілінің тезаурусын әзірлеу және көркемсөздің семантикалық трансформациясын лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу» атты тақырыптағы жоба аясында жарияланды.

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

## Авторлардың қосқан үлесі

**Қ.Ө. Есенова** зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдамасын айқындап, мақаланың жалпы теориялық бағытын белгіледі. Зерттеудің негізгі идеясын ұсынып, перифраз құбылысының лингвопрагматикалық табиғатын кешенді қарастыруға ғылыми жетекшілік етті. Сонымен қатар мәтіннің ғылыми мазмұнын, теориялық дәйектілігін сараптап, қорытынды редакциясын жүзеге асырды. **Ф.К. Исмаилова** мақаланың құрылымын жүйелеп, зерттеудің теориялық және талдамалық бөлімдерін әзірледі. Көркем және медиадискурс материалдарын іріктеп, оларды контекстік, салыстырмалы және прагматикалық тұрғыдан талдады. Мәтіннің бастапқы нұсқасын дайындап, ғылыми аппаратын толықтырды және әдебиеттерді рәсімдеуге қатысқан.

Авторлар зерттеу нәтижелеріне тең дәрежеде жауапты.

## Әдебиеттер тізімі

- Айтбайұлы, Ө. (2013). Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. Алматы: Абзал-Ай.
- Ахметов, Ә. (2015). Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. Астана: Ғылым.
- Байтұрсынов, А. (2003). Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра.
- Балақаев, М., Томанов, М., Жанпейісов, Е., & Манасбаев, Б. (1974). Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: Мектеп.
- Богданова, Л. И. (2011). Стилистика русского языка и культура речи. Лексикология для речевых действий. Москва: Флинта; Наука.
- Болғанбаев, Ә. (2006). Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Сөздік-Словарь.
- Бытева, Т. И. (2002). Феномен перифразы в русском литературном языке: проблема семантики и лексикографии. Докторская диссертация, Красноярск.
- Голуб, И. Б. (1997). Стилистика русского языка. Москва: Рольф; Айрис-пресс.
- Грехнева, Л. В. (2021). Реализация функциональных возможностей перифразы в языке и речи. *Litera*, 2, 53–60. <https://doi.org/10.25136/2409-8698.2021.2.34947>
- Момынова, Б. (2003). Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). Алматы: Арыс.
- Қалиев, Ғ., & Болғанбаев, Ә. (2006). Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы.
- Қоңыров, Т. (1978). Қазақ теңеулері. Алматы: Мектеп.
- Окс, М. В. (2012). Перифраз: между синонимией и плеоназмом. *Известия Южного федерального университета. Серия: Филологические науки*, 3, 167–173.
- Отт, К. А. (2009). Функциональный спектр перифразы в современных немецких печатных СМИ. Кандидатская диссертация, Барнаул.
- Сыздықова, Р. (2004). Абайдың сөз өрнегі. Алматы: Арыс.
- Энциклопедический словарь СМН. (2002). Бишкек: Изд-во КРСУ.

**К.У. Есенова<sup>1\*</sup>, Ф.К. Исмаилова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup>*Международный университет бизнеса имени К. Сагадиева, Алматы, Казахстан*

## Перифразы в художественной литературе и медиадискурсе: языковая репрезентация национально-культурного кода

**Аннотация.** В статье анализируется лингвопрагматическая функция перифразов в художественной литературе и медиадискурсе на материале казахского языка. Перифраз понимается как косвенное описательное наименование, обладающее номинативным, экспрессивно-оценочным и эвфемистическим потенциалом. Цель исследования – сопоставительно описать механизмы употребления перифрастических единиц в художественных и публицистических текстах и определить их возможности прагматического воздействия на адресата. Научная значимость работы заключается в комплексном рассмотрении перифраза не только как тропа и средства укра-

---

шения речи, но и как элемента дискурсивной стратегии, текстообразующего и воздействующего инструмента. Практическая значимость – в применимости результатов для редактирования медиатекстов, анализа текстов, обучения стилистике и медиалингвистике. Методика основана на интерпретативно-функциональном подходе. Примеры, отобранные из художественной прозы и материалов периодической печати, изучались с помощью контекстного и прагматического анализа, сравнительного описания и классификации. Показано, что в художественном дискурсе доминируют эстетико-образная и психологически-характеризующая функции перифразов, тогда как в медиадискурсе усиливаются функции привлечения внимания, оценивания, эвфемизации, клиширования и манипулятивного влияния. Исследование уточняет дискурсивную природу перифразов и систематизирует вторичную номинацию в современном казахском медиаязыке.

**Ключевые слова:** перифраз, лингвопрагматика, медиадискурс, художественный дискурс, национально-культурный код, языковая репрезентация.

**K.U. Yessenova<sup>1\*</sup>, F.K. Ismailova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*K. Sagadiyev International University of Business, Almaty, Kazakhstan*

### **Periphrasis in Literary and Media Discourse: Linguistic Representation of the National and Cultural Code**

**Abstract.** This paper examines the linguo-pragmatic functions of periphrasis in Kazakh literary discourse and media discourse. Periphrasis is treated as an indirect descriptive naming strategy with strong nominative, expressive-evaluative and euphemistic potential. The study aims to compare how periphrastic units are used in fiction and in journalistic texts and to identify their mechanisms of pragmatic influence on the addressee. The scholarly value of the research lies in approaching periphrasis not only as a stylistic trope that embellishes speech, but also as a discourse-strategic, text-forming and persuasive device. Its practical value is linked to media-text editing, text interpretation, and the teaching of stylistics and media linguistics. Methodologically, the article follows an interpretive functional approach. Examples selected from Kazakh prose and periodical media texts are analysed through contextual reading, pragmatic interpretation, comparative description and functional classification. The findings show that aesthetic imagery and psychological characterisation dominate in literary discourse, whereas media discourse amplifies attention-drawing, evaluative, euphemising, cliché-forming and potentially manipulative functions. The study therefore clarifies the cross-discursive nature of periphrasis and contributes to systematising secondary nomination patterns in contemporary Kazakh media language.

**Keywords:** periphrasis, linguopragmatics, media discourse, literary discourse, national-cultural code, linguistic representation.

#### **References**

- Aitbaiuly, O. (2013). Kazak frazeologizmderi men perifrazdary [Kazakh phraseologisms and periphrases]. Almaty: Abzal-Ai. [in Kazakh]
- Akhmetov, A. (2015). Turki tilderindegi tabu men evfemizmder [Taboo and euphemisms in Turkic languages]. Almaty: Gylym. [in Kazakh]
- Baitursynov, A. (2003). Adebiet tanytkysh: Zertteu men olender [Literary studies: Research and poems]. Almaty: Atamura. [in Kazakh]
- Balakaev, M., Tomanov, M., Zhanpeisov, E., & Manasbaev, B. (1974). Kazak tilinin stilistikasy [Stylistics of the Kazakh language]. Almaty: Mektep. [in Kazakh]
- Bogdanova, L.I. (2011). Stilistika russkogo yazyka i kul'tura rechi: Leksikologiya dlya rechevykh deistvii. Moscow: Flinta; Nauka. [in Russian]
- Bolganbaev, A. (2006). Kazirgi kazak tilinin leksikologiyasi men frazeologiyasi [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language]. Almaty: Sozdik-Slovar'. [in Kazakh]
- Byteva, T. I. (2002). Fenomen perifrazy v russkom literaturnom yazyke: Problema semantiki i leksikografii [The phenomenon of periphrasis in the Russian literary language: Problems of semantics and lexicography] (Doctoral dissertation). Krasnoyarsk. [in Russian]

---

Golub, I. B. (1997). *Stilistika russkogo yazyka* [The Stylistics of the Russian Language]. Rol'f; Ayrisspress. [in Russian]

Grekhneva, L. V. (2021). Realizatsiya funktsional'nykh vozmozhnostei perifrazy v yazyke i rechi [The Implementation of Paraphrasing Functions in Language and Speech]. *Litera*, (2), 53–60. <https://doi.org/10.25136/2409-8698.2021.2.34947> [in Russian]

Momynova, B. (2003). *Gazet leksikasy (zhuyesi men kurylymy)* [Newspaper vocabulary: System and Structure]. Almaty: Arys. [in Kazakh]

Kaliev, G., & Bolganbaev, A. (2006). *Kazirgi kazak tilinin leksikologiyasi men frazeologiyasi* (3rd ed.). Almaty: n/a. [in Kazakh]

Konyrov, T. (1978). *Kazak teneuleri* [Kazakh similes]. Almaty: Mektep. [in Kazakh]

Oks, M. V. (2012). Perifraz: mezhdou sinonimiei i pleonazmom [Phraseology: Between Synonymy and Pleonasm]. *Izvestiya Yuzhnogo federal'nogo universiteta. Seriya: Filologicheskie nauki*, (3), 167–173. [in Russian]

Ott, K. A. (2009). *Funktsional'nyi spektr perifrazy v sovremennykh nemetskikh pechatnykh SMI* [The Functional Range of Paraphrasing in Contemporary German Print Media] (Candidate dissertation). Barnaul. [in Russian]

Syzdykova, R. (2004). *Abaidyn soz ornegi* [Abai's verbal artistry]. Almaty: Arys. [in Kazakh]

Entsiklopedicheskiy slovar' SMI [Encyclopedic dictionary of mass media]. (2002). Bishkek: Izd-vo KRSU. [in Russian]

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Есенова Қалбике Өмірбайқызы** – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: kalbike.yesenova@bk.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7402-3625>

**Исмаилова Фариза Кенжеғалиқызы** – PhD, К. Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: ismailova.f@uib.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9685-6791>

**Yessenova Kalbike Umirbaikyzy** – corresponding author, Doctor of Philology, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: kalbike.yesenova@bk.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7402-3625>

**Ismailova Fariza Kenzhegalikyzy** – PhD, K. Sagadiev International University of Business, Almaty, Kazakhstan. E-mail: ismailova.f@uib.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9685-6791>

**Есенова Қалбике Умирбаевна** – автор для корреспонденции, доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан. E-mail: kalbike.yesenova@bk.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7402-3625>

**Исмаилова Фариза Кенжеғалиевна** – доктор философии (PhD), Международный университет бизнеса имени К. Сағадиева, Алматы, Казахстан. E-mail: ismailova.f@uib.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9685-6791>



**Copyright:** © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).